



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

лишения свободы. Проводились многочисленные исследования, посвященные уголовно-правовому и криминологическому анализу обоих явлений, лиц, их совершающих. На этом фоне как-то затерялась, на наш взгляд, не менее важная задача, связанная с изучением уклонения от отбывания наказания и рецидива преступлений со стороны лиц, осужденных к общественным работам.

Под системой наказания обычно понимают установленный в уголовном законе исчерпывающий и обязательный для судов перечень видов наказаний, расположенных в определенной последовательности с учетом их сравнительной тяжести [3].

Система наказаний в Уголовном кодексе Республики Казахстан содержит точный и исчерпывающий перечень мер наказания, которые суд может назначить лицу, совершившему преступление, предусмотренное уголовным законом.

Система наказаний отражает основные гуманные принципы уголовного права. Поэтому в систему не включаются такие меры уголовно-правового воздействия, которые причиняют осужденному физические страдания, унижают его человеческое достоинство, по этой причине в системе наказаний отсутствуют такие наказания, как телесные и другие наказания.

Гуманизм уголовного права выражается также и в том, что в законе предусмотрен ряд ограничений при применении наказания к несовершеннолетним, женщинам, находящимся в состоянии беременности, женщинам, имеющим грудных и малолетних детей.

Таким образом, необходимо отметить, что общественные работы - это наказание, при котором человек имеет возможность искупить вину перед обществом, государством своим трудом, не теряя при этом работы, семьи, привычной обстановки, учебы и др.

Список использованной литературы

1. Балтабаев К. Проблемы смертной казни в современном мире // Фемида, 2012. - С.12-13
2. Концепции правовой политики в Республике Казахстан, утвержденной Указом Главы Государства от 24 августа 2009 г.
3. Статистические данные КПСиСУ Генеральной прокуратуры Республики Казахстан. 2014 г

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Шаханов Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультетінің
1 курс магистранты

Мемлекеттік және қоғамдық өмір мемлекетте заңдарды, сонымен қатар құқықтық тәртіпті қатаң және нақты сақталуын қамтамасыз ететін сенімді механизмнің болғанын міндеттейді. Сондықтан әр мемлекетте прокуратура құрылымы құқық қорғау органдарының бірі болып табылады. Прокуратураның немесе міндеті бойынша ұқсас өзге де мемлекеттік-құқықтық институттардың орны мен ролі әр мемлекетте әр түрлі. Бір мемлекетте ол қылмыстық қудалау органының ролін атқарса, басқа мемлекетте ол мемлекеттің айыбын тек соттарда сүйемелдейді, ал кейбір кезде бақылау функциясын да жүзеге асырады.

Заманауи кезеңде құқықтық мемлекетті құруда прокурорлық қадағалау мемлекеттік саясаттың маңызды әрі құрамдас бөлігі, мемлекетте заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ететін басты әдістердің бірі болып табылады. Прокурорлық қадағалау заңнамалық реттеуді талап ететін қоғамдық өмірді барлық жағынан қамтиды. Құқықтық нормаларды қолдану кезінде туындайтын кез-келген мәселе прокуратураның құзыреті шегінде болады. Прокурорлық қадағалауды тағайындау бір жағынан мемлекетте заңдылықтың сақталуын нығайту болса, екінші жағынан құқықбұзушыларға және құқық бұзу себептеріне ықпал ету.

Шешілетін мәселелердің маңыздылығына қарай прокуратураға биліктің кең өкілеттілігі берілген. ҚР Конституциясы және ҚР «Прокуратура туралы» Заңы прокуратураның қызметін анықтайтын нормативтік акт болып табылады, ол прокуратураның басты принциптерін, міндетін, оның орнын, функциясын және құрылымын бекітеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес (3 бап) мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен бірге, А.К. Котов пен А.А. Котов негізді деп санайтын «билікті бөлу» ұғымы ол мемлекеттік биліктің көлемін аталған билікті үш тағанға толық және біржолата бөлу мәні деп санамау. Оның мәні тұтас құрылымдармен жүзеге асырылатын мемлекеттің объективті шартты қызмет түрлері. Осымен қатар, биліктің бірде бір тарамдарына біріктірілмеген заманауи мемлекеттің тұраралық қосалқы функцияларын атқаратын мемлекеттік органдарда әрекет етеді, мысалы бақылау қызметі (қадағалау). Мен ұсынып отырғандай, прокуратураны, мемлекет атынан Конституцияның, заңдардың және заңға қосымша актілердің нақты және біркелкі қолдануына мемлекет атынан жоғары қадағалауды жүзеге асыратын республикадағы осындай органдарға жатқызуға болады.

Ғалымдар мен тәжірибеші-заңгерлердің пікірі бойынша мемлекеттік-құқықтық институттар жүйесіндегі прокуратураның орны мен міндеті келесіде. Біріншіден, прокуратура – дербес мемлекеттік орган, оған конституциямен бекітілген бірқатар белгілер бар. Прокуратура – оның аумағында әрекет ететін заңдарға мемлекет атынан қадағалауды жүзеге асыратын органдардың бірыңғай жүйесі. Екіншіден, прокуратура биліктің өзара іс-қимыл жасасу мен бөлуге, демократиялық құқықтық мемлекет болуы мен дамытуына қажетті элемент болып табылады. Үшіншіден, прокуратура – ол мемлекеттікті тиімді орнықтыратындардың бірі. Прокуратура органдары тиісті деңгейде қызмет жасайтын басқа мемлекеттік органдарға тәуелді емес мемлекеттің барлық деңгейінде әрекет етеді. Прокуратура заңның тек мемлекеттің барлық аумағында біркелкі қолдануын қадағалауды ғана қамтамасыз етпейді, сонымен бірге ол өзінің әмбебаптылығына қарай осы міндетті бірыңғай орталықтандырылған жүйе ретінде орындауға барынша бейімделген. Төртіншіден, прокуратура қызметінің басты мақсаты құқыққорғау қызметі болып табылады. Алайда прокуратура органдары тек адамның және азаматтың бостандығы мен құқығын қорғап қана қоймай, сонымен бірге қоғам мен мемлекетті, көпшіліктің мүддесін де қорғайды.

«Прокуратура туралы» Заң прокурорлық жүйенің тұтас және әр түрлі құрамдас буындардағы мәртебесінің негізгі ережелерінен тұрады. Онда прокуратура туралы түсінік біздің мемлекеттің аумағында Конституция мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің қолдануына ҚР атынан қадағалауды жүзеге асыратын орталықтандырылған бірыңғай мемлекеттік жүйе ретінде айқындалады..

Заң прокуратураны ұйымдастыру мен қызметінің принциптерін айқындайды. Прокуратура органдарын ұйымдастыру және қызметінің принциптері қатарына мыналар жатады:

- Прокуратура органдары төменгі тұрған прокурорлар жоғары тұрған прокурорларға және Республиканың Бас Прокурорына бағынатын біртұтас орталықтандырылған жүйе;
- Прокуратура өз қызметін басқа мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз;
- Өздерінің заңда белгіленген өкілеттігін жүзеге асырған кезде прокуратура органдарының қызметіне араласуға тыйым салынады;
- Заңда белгіленген негіз бен тәртіп бойынша шығарылған прокурорлық қадағалау актілері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті;
- Прокуратура органдары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды сақтау туралы ҚР заңдарына қайшы келмейтіндей деңгейде жариялы іс-қимыл жасайды. Бұл принциптер конституциялық қадағалайда прокурорлық функцияларды жүзеге асыру кезінде маңызға ие.

ҚР прокуратурасы органдарының біртұтас жүйесін Бас прокуратура, облыстардың прокуратуралары, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және соларға теңестірілген әскери және мамандандырылған прокуратуралар құрайды. Прокурорлардың бағыныстылығына ең кемі мыналар енеді:

- Жоғары тұрған прокурорлардың ұйымдастыру және қызмет мәселелері жөніндегі нұсқауларының төменгі прокуратуралар үшін міндеттілігін;
- Төменгі прокурорлардың жоғары тұрған прокурорлар алдында қызмет міндеттерін орындауы үшін жауапкершілігін;
- Жоғары тұрған прокурорлардың қажет болған жағдайларда төменгі прокурорлардың өкілеттігін жүзеге асыруын;
- Жоғары тұрған прокурорлардың төменгі прокурорлар актілерінің күшін жоюын, қайтарып алуын, өзгертуін;
- Жоғары тұрған прокурорлардың төменгі прокурорлардың іс-әрекеттері мен актілеріне жасалған шағымдарды шешуін қамтиды.

Прокуратура органдарының бірыңғайлығы мен орталықтандырылғаны республиканың бүкіл аумағында бірыңғай заңдылықты, Конституцияның, заңдардың және өзге де нормативтік актілердің бұзуына прокурорлық ден қою нысандарының жалпылығы, барлық деңгейлердегі прокурорлармен анықталған заңбұзушылықтар кезіндегі заңды салдарлардың бірдейлігі мен бұлтартпастығы, нормативтік құқықтық актілер мен барлық мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне қойылатын талаптардың бірдейлігі, төменгі тұрған прокурорлармен жіберілген қателерді түзету мүмкіндігі. Прокуратураның тәуелсіздігі мен қызметке араласуға тыйым салу жоғарыда атап өткендей, оған дербес әрекет етуге және барлық мемлекеттік органдардың актілеріне қатысты мемлекеттік басқарудың барлық салаларына конституциялық қадағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Конституциялық қадағалау функциясын жүзеге асыру кезіндегі прокурорлық қадағалау актілерінің міндеттілігі мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың заңсыз актіден бас тарту не оны Конституция мен заңдарға сәйкестікке келтіру, заңсыз қызметті тоқтату және бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, прокурор құқығын наразылық білдірілген акті не әрекетті тоқтату құқығы міндеттілігін береді.

Прокуратура органдары қызметінің жариялылығы оларға бұзушылық фактілерін жасырып, ашық әрекет ету мүмкіндігін беріп қана қоймайды, ондай фактілер көпшілікке белгілі болады.

Осылайша, қазіргі уақытта прокуратура органдары алдында оны шешпей құқықтық мемлекетті жетілдіру мүмкін емес кешенді міндеттер тұр.

Қолданылған әдебиеттер:

1. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, (10.03.2017 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен).
2. Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 Заңы, **(2016.28.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)**.
3. Котов А.К. Котов А.А. / Қазақстандағы құқықтық реформа. №4, 2005ж., 3б.
4. Шоқатаев С.К. Прокуратураның құқықтық мәртебесіне және оның мемлекеттік органдар ішіндегі орнына қатысты кейбір мәселелер туралы// Тура би., №4, 2005ж. 19б.